# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 мамырдағы № 415 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 93 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 мамырдағы № 415 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

| | |
|---|---|
| Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, төраға, |
| Байжүнісов Ерік Әбенұлы | - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, |
| Мыңжанов Қайрат Тұрсынайұлы | - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Штабтар бастықтары комитеті төрағасының орынбасары, полковник, |
| Дауылбаева Ләззат Жұматайқызы | - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының бастығы, хатшы, |
| О`Брайен Дина Талғатқызы | - Халықаралық еңбек ұйымының бала еңбегін жою жөніндегі бағдарламасының (ИПЕК) үйлестірушісі (келісім бойынша); |

мына:

| | |
|---|---|
| «Жаңабай Самат Қуанышбекұлы | - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті директорының міндетін атқарушы» |

деген жолдағы «департаменті директорының міндетін атқарушы» деген сөздер «департаментінің директоры» деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген құрамнан Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев, Салидат Зекенқызы Қайырбекова, Болат Қаскенұлы Сембинов, Гауһар Айтжанқызы Саймасаева, Дана Шайханқызы Жандаева шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК